

Бисембаева Ж.Қ., ассистент

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Оқыту жеке адамның білімін, танымдық және шығармашылық қабілетін дамытудың маңызды құралы.

Проблемалы оқытудың мақсаты – мұғалім оқушыларды білім жүйесімен, іскерлікпен, дағдымен қаруландырып қана қоймайды, олардың танымдық және шығармашылық қабілетін дамытады. Оқушыларға тақырып бойынша проблемалық сұрақтар қойылады. Оқушылар проблемалық сұрақтарды шешудің дұрыс варианттарын қарастырып ойланады, жаңа білімді игеру туралы қорытынды жасайды, оны іс-жүзінде қолданады. Проблемалы оқыту – бұл ғылым негіздерін оқып тану процесінде жеке адамның жалпы және арнайы қабілетінің дамуы мен танымдық қажеттілігінің қалыптасуы жатады.

Психологтар адамның ойлағыштық іс-әрекетінің негізгі түрлерін айтады: репродуктивті және продуктивті, шығармашылық.

Репродуктивті іс-әрекетті үлгі, алгоритм бойынша орындалады. Мұғалім жаңа оқу материалын, жаңа ұсынымдардың мәнін түсіндіреді, тапсырманы орындаудың жолдарын көрсетеді. Оқушы оқу тапсырмасын мұғалімнің көрсетуімен алгоритмге сүйеніп, яғни мұғалімнің сабақ үстінде жасаған әрекетіне сәйкес орындауы қажет.

Бағдарлама бойынша оқу материалының көпшілігін мұғалім проблемалық жағдайында түсіндіруі тиіс.

Продуктивті іс-әрекетінің айырмашылығы оқушы белгілі білімді өз бетімен жаңа жағдайда қолданады немесе белгілі жағдаятта жаңа білімді, әрекет жасаудың жаңа ережесін табады (алгоритмді өзі жасайды). Бірақ оқушының дайын алгоритмді, үлгіні пайдалануы да мүмкін.

Проблемалық ситуация жағдайында оқушының іс-әрекеті ойлаумен, пайымдаумен, өз бетінше ізденумен сипатталады (проблема түрінде сұрақтар қою, жорамал ой тұғызу т.б.)

Шығармашылық іс-әрекеті алгоритімнен, үлгіден, формализмнен қайталануын көтере алмайды. Шығармашылық – бұл эвристикалық іс-әрекеті мен оның мәні негізгі идеяларды тез түсініп ұғыну және істің кенеттен шешілу жолдарын табу.

Оқушылардың шығармашылық ойлауы проблемалық жағдайдан басталады.

Проблемалық жағдай деп, пайда болған құбылыстарды, фактілерді адамның түсіндіре алмай, қиыншылық жағдайға ұшырауын айтады. Сондықтан қиыншылық, қабылдаған білім және іскерлік негізінде адамның жаңа әдістерді немесе істі іздеуге, түсіндіруге талаптандырады.

Ақыл-ой әрекеті толық циклінің проблемалық пайда болуынан проблеманың шешуіне дейін мынандай кезеңдері болады:

- проблемалық ситуацияның пайда болуы;
- проблеманы – сұрақты қою және оның қиыншылық мәніне жете түсіну;
- болжау арқылы шешім тәсілдерін табу;
- гипотезаны дәлелдеу;
- проблема шешімінің дұрыстығын тексеру.

Проблемалы оқыту процесінде мұғалім оқушыларға сұрақтар қояды, түрлі тапсырмалар береді. Бұлардың бәрі проблемалық ситуация туғызады. Осының нәтижесінде әрбір оқушы сұраққа жауап беруге немесе проблеманы шешуге тырысады.

Проблема проблемалық ситуация болып саналады, бірақ әр түрлі

проблемалық ситуация проблема бола алмайды. Мысалы; 3-сынып оқушысына «Өзеннің бір жағасында тұрып, оның енін қалай өлшейді?» - деп сұрақ қойса, ол сұрақтың мәнін ұғып, оны шешу үшін дәрменсіз болады. Бұл жерде проблемалық ситуация пайда болды, бірақ ол проблема бола алмайды. Себебі, оны шешу үшін оқушының білімі, тәжірибесі жеткіліксіз болды.

Дүниетану сабағында «Су» тақырыбын өткенде мұғалім оқушыларға проблема түрінде сұрақ қояды: су сұйық зат, ол сутегі және оттегіден тұрады, сутегі жанады, оттегі жануды қолдайды. Олай болса, теңізді неге жағуға болмайды, жанып тұрған шырпыны тигізсең, сөніп қалады?

Бұл жерде проблемалық ситуация туды да, ол проблемаға айналды. Өйткені оқушылардың дүниетану пәнінен алған білім проблеманы шешуде игі әсер етті.

Сонымен, оқушылардың әр түрлі шығармашылық оқыту іс-әрекетінде мұғалім проблемалық ситуация туғызады, жана білімді игеруде оқушылардың ойлау, ізденіс іс-әрекетіне, олардың оқыту проблемасын өз бетімен немесе коллектив болып шешуіне басшылық етеді. Міне, менің зерттеуім бойынша проблемалы оқытудың мәні осында.

Қазақстан Республикасы бастауыш білімінің мемлекеттік стандартында: «.....бастауыш сынып оқушысын белгілі бір қажетті біліктер мен дағдылардың иесі, оқу әрекетінің субъектісі, әр түрлі мәдениеттер мен өз көзқарасы тұрғысынан диалогқа түсетін автор және жас ерекшелігіне сәйкес өз жолын қалыптастыруға күш жұмсап еңбектенетін бала» - деп қарау міндеті анықталған. Бұл міндет осы уақытқа дейін оқытудың көздейтін негізгі мақсаты – балаларға білім беру екендігі қазіргі кезде бір жақты жеткіліксіз деп есептеледі. Демек, білімді тиісті жағдайда қолдану

оқытудың көздейтін негізгі мақсаты болып саналады.

Білім мазмұнына деген мұндай жаңаша көзқарас ең алдымен білім, білік, дағдыларды меңгерудің негізі ретінде оқушы дамуы мен тәжірибесін қамтамасыз ету міндеттерін шешуді көздейді. Басты кезекте бастауыш сынып оқушыларының игеруге қажетті білім, білік, дағдылар жүйесін зерттеуді қажет етеді. Бұл зерттеуде оқушы игерген білім, білік, дағдылар жүйесін тексеру мен бағалаудың рөлі ерекше.

Бастауыш мектептерде оқыту барысында сөздік әдістерді қолдану нақты оқу пәнінің ішкі мазмұнына, ерекшелігіне, ғылым саласы ретіндегі өзіндік әдіс-тәсіліне тәуелділік тұрғысынан саралануы тиіс.

Сонау 20-30 ғасырдың көрнекті қайраткерлері – А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов әдістерін қарастыра отырып, оқыту үрдісінде олардың қолдану ерекшеліктері анықталды.

Атап айтқанда, қазақ тілін, ана тілін, арифметика және басқа да пәндерді оқыту әдістерін ұлттық ерекшеліктермен сәйкестендіре қолдануға бетбұрыс жасады. Мәселен: А.Байтұрсынов (ауызша, әңгімелеу, түсіндіру, әңгіме, индуктивтік және дедуктивтік әдіс, практикалық, шығармашылық әңгіме, мақалалар); М.Дулатов (ауызша, әңгімелеу, түсіндіру, әңгіме, көрнекті тұрмыстық пәндер); М.Жұмабаев (әңгімелеу, түсіндіру, индуктивтік және дедуктивтік); Ж.Аймауытов (ауызша, ауызша әңгімелеу, диалог, өзіндік жұмыс, тәжірибелі көрнекілік) сияқты оқу әдістерін атап көрсетті.

М.Дулатовтың «Арифметика оқулығы» атты еңбегінде: арифметика және математика сабақтарында қазақтың ұлттық қолданбалы өнерін пайдалануды ұсынғанын көріп отырмыз. (Геометриялық түсініктермен байланысты математикалық тапсырмалардың шешімін шығарып үйрену – қол-

данбалы өнер үлгілерін қолданумен ұштастырылады. Мысалы:

а) шәйнек сыртындағы өрнекте үшбұрыш, шаршы (квадрат), дөңгелек бар?

б) суреттегі құрақ көрпешенің және ондағы әріптердің пішіні (формалары) қандай?

Тұрмыстық көрнекілік түрін қолдану балалардың көру, қабылдау түйсіктерін таныс пәндерде қолдану тірегі болып табылады. Осы тапсырмалар балалардың логикалық ойлау, сөйлеу тілін дамыту және баланың басқа да қасиеттерін жетілдіруге, қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Сонымен, сол жылдардағы педагогтар оқу үрдісін өмірмен, еңбекпен қарым-қатынас арқылы ұштастырады. Мәселен, М.Дулатов өзінің «Мұғалімдерге» атты еңбегінде кіші жастағы балаларды қалай оқыту керектігін көрсетеді. А.Байтұрсынов «Қай әдіс жақсы» деген еңбегінде оқыту әдістерді қолданудың ерекшеліктеріне тоқталады. Сонда қолданылатын әдістердің қатарында сөздік әдістері бар.

Сөздік әдістердің дамуының екінші шартты кезеңі 20 ғасырдың 30-90 жылдарындағы мектептің, жалпы алғанда оқыту жүйесінің біртіндей жетілдірілуімен байланысты.

Оқыту процесі дегеніміз – жеке адамның білімін, танымдық қызметін дамытудың маңызды құралы.

1) Оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруға арналған процесс.

2) Оқытушының педагогикалық іс-әрекеті.

3) Оқушы мен мұғалімнің өзара әрекетіне бағытталған, мақсат көзделінген процесс, оның негізінде балаларға білім беру, тәрбиелеу және оларды дамыту жүзеге асырылады.

4) Оқушылардың білім, іскерлік және дағды жүйесінің қалыптасу құралы.

«Қай мемлекеттің де негізгі тірегі – асқақтанған күмбездер де, ғимараттар да, экономикалық жағдайда

емес, білімді де білікті, іскер де белсенді адамдар. «Біздің балаларымыз білімі жоғары жұмысшылар мен фермерлер, инженерлер, банкирлер және өнер қайраткерлері, мұғалімдер мен дәрігерлер, зауыттар мен биржалардың иелері болады» (Қазақстан – 2030 бағдарламасы). Әрине, «Келешектің иесі – жастар». Жастар өзінің ата – анасынан гөрі заманына көбірек ұқсас келеді. Сондықтан қоғам талабына сай, сол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар болғандықтан, тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені даусыз.

Қазақ санасының шамшырағы Ахмет Байтұрсынов «Қазақша оқу жайлы» еңбегінде «әуелі бізге елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек. Неге десек, болашақ та, билік те, халық та оқумен түзеледі» деген болатын.

Бұл ұлағатты ойдың құндылығы бүгінгі таңда барған сайын айқын сезілуде. Қазіргі заман талабына сай ұлттық білім оң нәтижесін беру үшін дамыта оқыту технологисының маңызы өте зор.

«Білім кілті – кітапта». Оқушыларға білім берудің экономикалық барлық саласында болып жатқан өзгерістерге сай білім беру мазмұны да өзгеріп, жаңару үстінде. Атап кетсек Қазақстан Республикасы мемлекетінің Білім стандарттары, жаңа буын оқулықтар мен әдістемелік құралдар дүниеге келуде. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе», - деп М.Әуезов айтқандай, мемлекетіміздің тәуелсіздігін сақтап тұруы, қауіпсіздігі бүгінгі оқушылардың санасын қалыптастыру мақсатында қандай дәннің себілуіне байланысты. Ал, дәл бүгінгі күнгі дән дегеніміз – оқулықтар мен әдістемелік кешендер. Мысалы, Р.Қоянбаев авторлығымен жазылған «Педагогика» оқулығы дамыта оқытуға бағытталған.

Әйгілі педагог А.Дистервергтің «Нашар мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді» дейтін қанатты

сөзінің тілге оралуы заңдылық. Жаңа буын оқулықтары жоғарыда айтқандай, дамыта оқытуға ыңғайлы. Ізденуші мұғалім бала бойындағы туа біткен түрлі қасиеттерді дәл байқап, оның сапалық ерекшеліктеріне баға беріп, әрі қарай өз бетінше дамыта түсуіне жағдай туғызуы керек.

Келешекте біздің еліміз басқа тәуелсіз елдермен терезесі тең болып өмір сүруі үшін, қазақ балаларын ешкімнен кем қылмай, мектеп қабырғасынан – ақ жан-жақты білімді, тәрбиелі етіп шығару жолындағы басты тұлға – мұғалім. Жас маманға білім-тәрбие беретін бала жанының бағбаны – мұғалімдер ой-өрісі кең, жан-жақты білімді, өз мамандығына сай, оны сүйетін өз ойын шәкірттеріне нақты тұжырымды дәл айтып түсіндіре білуі шарт.

А.Байтұрсынов өзінің «Бастауыш мектеп» деген мақаласында қазақ бастауыш мектептерінде қандай пәндер оқытылуы керек деген мәселеге арнайы тоқтап, ол пәндерді «оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа кәсіп, қолөнері, жаратылыстану болу керек», екендігін нақтылап көрсетеді. Ал, қазақша оқу жайында атты мақаласында бастауыш мектепте оқыту тілі туралы:

«...Қазақ балаларын ана тілінде, төте жолмен, қолайлы құралдармен оқыту керек», - деп кесіп айтты. Сол мақаласында ол туған халқының ғылым-білімге ұмтылуын әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. «Адамға тіл, құлақ қалай керек болса, бастауыш білім сондай керек», - деп жазды ол.

Сондықтан да балаларды қазіргі заман талабына сай берік те, білім нәрімен қаруландырып, тәрбиелей отырып оқыту әр мұғалімнің басты міндеті.

Көрнекті педагог Ушинский «Мұғалім күнделікті оқыса, үйренсе ғана – мұғалім, оқымаса, үйренбесе, сол күннен бастап-ақ мұғалімдіктен

қалады» деген. Осы бір сөз әрбір ұстаздың ойында болса деймін.

Проблемалық оқытудың негізгі ерекшелігі оқушының білетіні мен білмейтінінің арасында қайшылықтар пайда болады және проблемалы міндетті шешуге дайын тәсіл болмағандықтан, проблемалы жағдай пайда болып, осыған орай оқушының ізденушілік әрекеті мен ынтасы күшейе түседі.

Проблемалық оқыту өзіне тән үш түрлі формада іске асады: проблемалы баяндау, оқушылардың біршама ізденуі және өздігінен зерттеуі.

Проблемалық оқыту оқушылардың таным әрекетінің негізгі үш кезеңінен тұрады:

1) Проблемалық міндет қою және ұғыну;

2) Проблемалық міндетті талдау, болжамдар жасау, оны шешудің тиімді амалдарын қарастыру.

3) Проблеманы шешу және оның дұрыстығын тексеру.

Проблемалы міндет дегеніміз – осындай жағдайдағы іздену, зерттеу барысында шешілетін мәселе. Міндет мазмұны деп, белгілі ізделініп отырғанның арасындағы қайшылық нәтижесінде пайда болған проблеманы айтамыз. Мұның жауабын практикалық операциялар арқылы табуға болады. Сондықтан кез-келген міндет проблема болмайды.

Проблемалы оқыту тек проблемалы жағдаят тудырып қана қоюда емес, сонымен қатар, оны дұрыс шеше білу тәсілдерін меңгеруді де қажет етеді. Ол үшін мұғалім оқушының материалда (мәтінде) кездесетін ой, пікір қайшылықтарын дұрыс аңғаруына жағдай жасап, оны шешудің жолдары мен тәсілдерін меңгеруге, өздігінен ізденудің, зерттеудің амалдарын үйретуге тиіс.

Мұның басты жолы – дұрыс ойлай білуге баулу. Бұл оқулықтың материалға сай оқушы тараптарынан дұрыс сұрақ қоя білуден басталуы керек. Өйткені оқушылар баяндалатын мә-

тінге байланысты ондағы ой-пікірді дұрыс ашуға көмектесетін нақты, дәл, дұрыс сұрақ қоюды білмейді.

Мысалы, мұғалім әдеби шығармаларды талдап, осы шығармалардағы басты кейіпкері мынау болып табылады деп соған тоқталады, түсіндіреді немесе әдеби ағынға талдау жасап, оның өкілдерін атайды, осы кезде оқушы тарапынан: «Біз мұны неге негізгі кейіпкер деп ерекшелейміз?», «Әдеби ағымның тууы неге байланысты?», «Бұл ақындарды неге осы ағымға ғана жатқызамыз?» т.б. осылар сияқты сұрақтар қойылады.

Ал, фактілерді зерттеп шешуге мүмкіндік беретін сұрақтар логикалық жағынан қарама-қайшылық тудырады.

Қарама-қайшылықтың пайда болуы оқушы алдында проблеманың тууына, оны шешу үшін ойдың тікелей қатысуына мүмкіндік жасайтын

құбылысты дербес алып қарауға мүмкіндік беретін алғашқы бастама болып саналады. Қарама-қайшылықты аңғартып, оны таба білуге үйрету мұғалім тарапынан шеберлікті талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика, - Алматы, 1992
2. Ильина Т.А. Педагогика, - Алматы, 1977
3. Көшкенбаев Н. Оқыту теориясы, - Алматы, 1976
4. Оконь В. Основы проблемного обучения, - М., 1968
5. Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении, - М., 1972
6. Махмутов М.И. Проблемное обучение. - М. 1975
7. Лернер И.Я. Проблемное обучение. - М., 1974

Жусупова Ж.Ж., преподаватель

Костанайский государственный педагогический институт

ВЛИЯНИЕ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ НА РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ СТУДЕНТОВ-ПСИХОЛОГОВ

При анализе учебно-методической, психологической и педагогической литературы видно, что разные авторы выделяют в качестве главных подходов для развития тех или иных качеств личности разные методики и технологии. Трансформация традиционного процесса обучения в новаторском и передовом педагогическом опыте, чаще всего, происходит либо на основе личностной ориентации учебного процесса (И.С. Якиманская, Е.В. Бондаревская – за основу берут личностно-ориентированный подход), либо на основе активации деятельности студентов (Л.С. Выготский, С.Л. Рубенштейн – за основу берут системно – деятельностный подход; А.М. Матюшкин, И.Я. Лернер на первый план выдвигают методы актив-

ного обучения и воспитания), либо дидактического усовершенствования и реконструирования учебного материала (система интенсивного обучения с помощью опорных конспектов). Каждая из этих технологий имеет свои плюсы, но и не лишена недостатков.

Оптимальный подход, на наш взгляд, заключается в проектировании и реализации процесса обучения на основе разумного сочетания элементов разных технологий, что позволит использовать достоинства данных технологий и минимизировать их минусы.

Чтобы работа студентов носила самостоятельный характер и способствовала формированию активности и самостоятельности необходимы опре-